

Аспектуалдылық категориясы туралы ғалымдардың ғылыми көзқарастары

Функционалды грамматиканың негізгі категорияларының бірі – аспектуалдылық. Ғалымдар аспектуалдылықтың ғылымда термин ретінде қолданылуы XIX ғасырда Рейф есімімен байланыстырады. Ол етістіктің түрлерін негізге алады. Аспектуалдылық, негізінен, қимылдың өту сипатын белгілі семантикалық топқа жатқызу арқылы айқындалады. Бұл мәселеге келгенде ғалымдарды екі топқа бөліп атауға болады. Түркі тілдерінде грамматикалық сипат категориясы жоқ деген пікірді ұстанған ғалымдар: М.Б.Балақаев, Б.А.Серебренников, С.Кеңесбаев, В.М.Насилов, С.А.Аманжолов, екіншісі грамматикалық сипат категориясы бар дегенді ұстанған зерттеушілер: Н.А.Баскаков, Ы.Маманов, А.А.Боровков, Н.К.Дмитриев, И.Қ.Ұйықбаев, Л.Н.Харитонов, А.И.Харисов, , А.А.Юлдашев. Аспектуалдылық категориясы қимылдың өту сипатын қарастырады. Қазақ тілінде функционалды грамматиканың негізгі ұғымдарының бірі болып табылатын аспектуалдылық категориясы туралы М.Жолшаева ғылыми зерттеу жүргізді. Н.Оралбаева етістік категориялары арқылы жасалынатын қимылдың өту сипаты туралы ғылыми еңбектер жазған. Етістіктің функционалдылығы туралы қазақ ғалымдары дәстүрлі грамматикада көп қарастырды. Қимылдың өту сипаты категориясын өріс теориясы негізінде қарастырғанда грамматикалық формалар мағынасы мен қызметі жағынан морфология деңгейінде ғана сипатталмай, олардың сөйлеу жағдаяттарындағы қызметтері мен басқа да тілдік бірліктермен тығыз қарым-қатынасқа түсе отырып қолданылуы басты назарда болады. Бұл орайда қимылдың ішкі өтуін көрсететін түрлі тілдік бірліктер аспектуалдылықтың функционалды-семантикалық өрісін қалыптастырады. Тілдік бірліктерді олардың қолданысы тұрғысынан қарастыру тілдік жүйедегі барлық элементтердің арасындағы терең байланысты көрсетуге мүмкіндік береді.

Қимылдың өту сипаты категориясының, яғни аспектуалдылықтың семантикалық негізі – етістік-предикат. Аспектуалдылықтың басқа категориялармен байланысы категориялық жағдаятпен сәйкестенеді.

Аспектуалдылық латын сөзі - *сыртқы көрініс, түр, сипат* деген мағынаны білдіреді. Аспектуалдылық – қимылдың уақытқа қатысты өту сипатын білдіретін тілдік бірліктердің жиынтығы. Аспектуалдылық ұғымы уақыт ұғымымен тығыз байланысты, себебі кез келген қимылдың жасалуының уақытпен қатысты мөлшері болады.

Түркі тілдеріндегі аспектуалдылық категориясына қатысты А. Казембек, И.Гиганов, Г. Алпаров, М. Иванов, К.Насыри, Н.К. Дмитриев, А.И.Харисов, Р.Н.Төреғұлова, К.З. Ахмеров және Б.Н. Головин, Р.З. Мурясов, К.З.Закирьянов сынды ғалымдар өз еңбектерінде ғылыми тұжырымдамалар айтқан. Ал, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, М. Терентьев т.б. ғалымдардың XIX ғасырда жарық көрген, қазақ тіліне қатысты жазылған еңбектеріндегі қимылдың жасалуындағы ерекшеліктерді аспектуалдылық категориясына қатысты көмекші етістіктердің қызметі туралы айтылады.

Қ.Бибекөвтың «Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың аяқталу кезеңі және оның берілу жолдары» (Алматы, 2000) атты еңбегінде аспектуалдылық жайында кеңінен сөз болады.

Қазақ тіліндегі қимылдың даму сатысын И.Маманов алтыға бөліп көрсетеді. Олар:

1. Готовности к совершению действия
2. Приспособления к совершению действия
3. Начало действия
4. Совершения (протекания) действия
5. Перед завершением действия
6. Завершения действия.

Кейінгі уақытта ғалымдар қимылдың дамуының үш сатысын көрсетіп жүр.

Қимылдың өту сипатына А.Ысқақов мынадай анықтама береді: «Тіліміздің етістік формалары жүйесіндегі өзіне лайық ерекше мазмұны мен арнаулы морфемалары бар грамматикалық құбылыс амалдың өту сипаты категориясы деп аталады» [23,289 б]. Ғалым амалдың жүзеге асқандығын білдіретін арнаулы грамматикалық формалардың болатындығын, ол формалардың бір саласы аналитикалық форманттар және олардың тілімізде аса көп екендігін айтады. А.Ысқақов: «Аналитикалық форманттар сан жағынан қаншалықты мол, әрқилы болса, олардың мағыналары да, сол форманттардың ерекшелігіне қарай, соншалықты бай және әр алуан болады», - дейді [23,290 б].

Н.Оралбаева қимылдың өту сипаты категориясына былайша анықтама береді: «Бұл грамматикалық категория қимылдың жасалуына байланысты түрлі мағыналарды қимылдың қалай жасалғанын және сөйлеуші хабарлап отырған қимылдың қандай сатыда, дәрежеде екенін білдіреді. Біз бұл категорияны қимылдың өту сипаты деген терминмен атадық» [20,74б].

Н.Оралбаева қимылдың өту сипаты категориясының ішкі мағыналық ерекшеліктерімен байланысты оны қимыл тәсілі және қимылдың даму сатысы деп екіге бөліп қарастырады. Ол қимылдың жасалуына байланысты мынадай мағыналарды көрсетеді. Қимылдың жасандылығы, жетімсіздігі, ерекше ынтамен жасалуы, немқұрайлы жасалуы, күтпеген жерден жасалуы, ерекше қарқынмен жасалуы, қысқа батыл жасалуы, қимылға шек қойылу, қимылдың асығыссыздығы, жасалуға бейімділігі. «Қимылдың даму сатысы деп оның басталуынан аяқталуына дейінгі қалпы саналады. Қимылдың басталуы қандай заңды болса, қимылдың аяқталуы да сондай заңды болуға тиіс. Басталған қимыл өзінің аяқталу сатысына жетпесе, онда қимыл жасалу үстінде болады. Қимылдың дамуына байланысты бұл ерекшеліктер қимылдың бірінші, екінші, үшінші сатысы аталады» [20,103 б], - деп көрсетеді.

Н.Оралбаева етістіктің аналитикалық форманттары туралы жазылған ғылыми еңбектерінде қимылдың күтпеген жерден, кенеттен жасалу, қимылдың батыл, қысқа жасалуы, қимылдың ерекше қарқынмен (күшпен) жасалу мағыналарын көрсетеді [20,91-97 бб].

З.Ахметжанова «Функционально-семантические поля русского и казахского языков» деген еңбегінде қимылдың тез жасалу тәсіліне тән 3 түрлі мағыналық реңктерді көрсетеді. Олар: қимылдың бір рет қысқа жасалуы,

қимылдың күтпеген жерден, кенеттен жасалуы және қимылдың немқұрайлы, жеңіл жасалуы мағыналары [24, 59-60 бб].

«Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты оқу құралында Л.Дүйсембекова былай дейді: «Кез келген амал-әрекет ешқашан біркелкі орындалмайды. Амал-әрекеттің шапшаң я баяу, шұғыл не созылыңқы, тыңғылықты не босаң, біркелкі не үздік-создық т.б. түрлері кездеседі. Осы мағыналық реңктердің барлығы аспектуалдылық аясына енеді. Төмендегі сөйлемдерге назар аударайық.

Жүрегі сыздап қоя берді (М. Мағауин).

– *Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды* (Т. Әбдіков).

Бір күні әжесі күрсініп жылай берген соң, Қартқожа шыдай алмай, ойлап жүргенін айтты (Ж. Аймауытов).

Осы мысалдардағы қимылдың өту сипаты бір-біріне ұқсамайды. Әрқайсысы әр түрлі жасалған. Мәселен, ***жүрегі сыздап қоя берді*** дегенде амал-әрекеттің енді басталғандығы білдірілген, ал ***zekіп қалды*** дегенде аяқ астынан жасалған амал-әрекет білдірілген, ***жылай берген соң*** дегенде амал-әрекеттің жиі қайталанғандығы білдірілген. Қимылдың жасалуындағы осындай алуан түрлі ерекшеліктер аспектуалдылық категориясының аясында қарастырылады.

Аспектуалдылықтың ішкі құрамы **қимылдың жасалу фазасы** (даму сатысы) мен **қимылдың жасалу тәсілінен** тұрады.

Амал-әрекеттің жасалу фазасы оның уақыт бойындағы жіктелісіне сипаттама береді. Амал-әрекеттің жасалу фазасында басталу, жалғасу, аяқталу ұғымдары бар. Амал-әрекеттің жасалуының әр фазасының шекарасын дәлдікпен көрсету қиындық туғызғанымен, оларды салыстырмалы түрде қарастырып, жіктеуге болады. Қазақ тілінде амал-әрекеттің жасалу фазасына тән өзіндік тілдік бірліктер қалыптасқан. Амал-әрекеттің жасалу фазасы деп оның басталуынан аяқталуына дейінгі қалыпты айтамыз. Мысалы, *айта бастады, алаңдай бастады, абыржи бастады* т.б. тілдік бірліктер амал-әрекеттің басталу фазасын білдірсе, *айтып отыр, алаңдап отыр, абыржып отыр* т.б. амал әрекеттің жасалу үстіндегі фазасын білдіреді» [12,138 б] .

Қимылдың өзгеріске түсу процесі – бірден жасалуы, баяу өтуі, созылыңқы, үдемелі, дүркінді, тездік сипаттары, жетімсіздігі мен немқұрайлы немесе ынтамен істелуі, әдейі жасалуы, басталуы мен аяқталу кезеңі белгілі уақыт ішінде орындалатындықтан уақытпен тығыз байланысты қаралады.

Қазақ тілінде аспектуалдылық категориясын ғылыми тұрғыдан негіздеген Н.Оралбаева аспектуалдылықты грамматикалық (морфологиялық) категория қатарында қарайды. Қимылдың түрлі жасалу тәсілін білдіретін көрсеткіштердің етістіктің белгілі тобына талғап жалғануын Н.Оралбаева олардың өзіндік ерекшелігі деп санап, оны етістіктердің семантикасымен байланыстырады.

Табанының қары сықыр-сықыр етіп, Нұрғазы бері класқа кірді.

– *Әй, ағаң мен жеңгең ажырасқалы жатыр. Сен жеңгеңнің шапанын киіп кетіпсің. Жеңгең шапанымды беріп жіберсін деді. Саған мынаны кисін деді,*

мә, – деп Нұрғазы қолындағы нәрсені алда отырған балалардың төбесінен маған қарай асыра лақтырмасы бар ма.

Сөйтсем, әлгі нәрсе қаудырлаған бір жаман плащ екен. Тура менің алдыма партаның үстіне топ ете қалды. Сия сауыт, қағаз-қаламды шашып, машақаттап кетті. Мен не істерімді білмей, сасып қалдым. Масқара! (Б.Соқпақбаев). Берілген мысалдар қимылдың өтуінің өте көптеген түрлері болатындығын дәлелдей түседі. Қимылдың шапшаң, тез, бірқалыпты, асықпай, біркелкі және де т.б. түрде өтуі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Ал, сол қимылдың өту сипаты функционалды грамматиканың аспектуалдылық деп аталатын категориясында қарастырылады.

М.С.Жолшаева өзінің «Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн» атты диссертациясының авторефератында аспектуалды мағынаны беретін синтетикалық формаларды мағынасына қарай қайталанатын қимылды; жетімсіз істелген қимылды; күшейтпелі қимылды білдіретін қосымшаларға саралап, модификациялаушы және сөзжасамдық деп ажыратады. Сонымен қатар, аспектуалдылықтың грамматикалық формалармен берілуін сөз етеді.

«Аспектуалды семантиканың грамматикалық формалармен берілуіне келсек, бұл орайда шақ көрсеткіштерінің орны ерекше: **-атын/-етін** – узуалды қимылдың берудің негізгі грамматикалық көрсеткіші. *Көктем болса тау-тасты шарлап көк жуа іздеп, жаз болса қара бүлдірген теретінбіз* (Ә.Әлімжанов). Узуалды қайталану дағдыға айналған қимыл болғандықтан белгілі бір дәрежеде заңдылық болып та қабылданады. Узуалды қайталану нақты жағдаяттағы қайталануды білдірмегенімен, оның уақыт ағымында жүйелі түрде қайталанып отыратын орны болады. Ол сипатына қарай жалпы қайталану және жүйелі қайталану деп бөлінеді. Жалпы қайталануда дағдыға айналған іс-әрекеттің себебі, жүйесі, интервалы, созылыңқылығы ескерілмейді, бірнеше рет қайталанып, дағдыға айналған әрекет жалпылама беріледі: *Тәңірберген, әдетте, күндіз қонағын бәйбішесінің үйінде қабылдап, кіші әйеліне кешке жатарда ғана баратын* (Ә.Нұрпейісов). Жүйелі қайталануда **-атын/-етін** тұлғалы етістік сөйленімде жүйелік мағынаны көрсететін үстеулермен нақтыланып келеді: *Әнуар күнде кешке қарай тот басқан ескі мылтығын алып күзетке кететін* (Ә.Нұрпейісов).

-ушы/-уші формасы да қимылдың бірнеше рет қайталанып, дағдыға айналғанын білдіреді» [21].

Енді, **-ушы/-уші** формасы арқылы берілген қимылдың бірнеше рет қайталанып, дағдыға айналғанын білдіретін сөйлемге мысал келтірейік. *Мен кішкентай кезімде оң аяғым қайсы, сол аяғым қайсы – ажырата алмаушы едім* (М.Мағауин). *Сендердің «жауды жеңіп қайтыңдар!» деп әр хатта айтатын өмірлерінді орындап, тезірек Берлинге барып, одан соң өздеріңе жетсек деп ынтығушы едік бәріміз* (Ә.Нұршайықов). *Бұл жанағы, мен аудиторияға алғаш кіріп, рұқсат сұрағанда мырс етіп күліп: «Рұқсатты кірмей тұрып сұрамаушы ма еді?» деген қыз болар деп мели ерледім* (Ә.Нұршайықов).

«-а/-е,-й тұлғасы қайталану мағынасын беруде қолданылғанда шақтық мағына негізгі болып саналмайды. Қайталанатын қимылдың өзі жалпы және әдетке айналған дағдылы әрекет ретінде көріну сипатын қарай бір-бірінен ерекшеленіп, *жалпы қайталанатын қимыл мен узуалды қимылға ажырайды* да, қимылдың өту ағымына қатысты *қайталанатын қимыл; созылыңқы қимыл; процестілік* мағыналарын береді. Жалпы қайталану эксплицитті және имплицитті көрінеді: *Дәл аяғының астында жүреді* (М.Мағауин); *Іінінен су кетіп қара күз өтіп барады. Күн сайын жаңбыр жауады* (Ә.Кекілбаев). *Узуалды қимыл: Ванясы ертерек есейген, ойыннан гөрі шаруаға үйір – көбіне кішкентай інісін бағады, су әкеледі, үй шаруасында шешесінің нағыз қолқанаты* (Т.Ахтанов). *Созылыңқы қимыл: Атты жасақ он екі орданы күні-түні міз бақпай күзетеді* (Ә.Кекілбаев); *процестілік -а/-е,-й тұлғасының осы шақ мағынасымен байланысты: Қашан көрсең дутарын қолынан тастамай, Науаи мен Біләл Назым өлеңдерін, немесе он екі мұқам газалдарын жатқа соғып, күңіренеді де отырады* (Қ.Жұмаділов)» [21].

М.Жолшаева **-ар/-ер,-р** тұлғасын қимылдың немқұрайды жасалуын білдіреді дейді. Көкем келсе Қызылкөлдің жайлауынан тағы арқар алса, сақалы бола жатармын (Л.Қоныс).

«-ыңқыра/-іңкіре аффикстері жалғанған сөздің лексикалық мағынасына қимылдың күшейте жасалуын, үдей түсу мағынасын үстейді: - *Халіңіз қалай, тәуірсіз бе? – дедім дауыстаңқырап* (Қ.Жұмаділов); *Көксерек гүрілдең-кіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді* (М.Әуезов)» [21].

Әуезов *сәл шалқайыңқырап, тағы да мұрнын сауа, сипалап қалды* (Ә.Нұршайықов). *Бейқам отырып, селк еткендей болып және қытығы келген сияқтанып қыз мойнын ішіне тартыңқырап, қайтадан сол жағына қарай бұрды* (Ә.Нұршайықов). *Тегі Шалғынбаевтың менің көзімді мүлде ұясынан шығарып жібергісі келді-ау деймін, сәл қабағын шытыңқырап маңызданды да, қайтадан сөйлеп кетті* (Ә.Нұршайықов). *Қазақ тілінің оқытушысы біраз кешігіңкіреп келіп, сабағын жалғастырды* (Ә.Нұршайықов).

Аспектуалдылық категориясының функционалды семантикалық өрістегі жасалу жолдары. Қазақ тіл ғылымында аспектуалдылық категориясы және оның жасалу жолдары мен қимылдың өту сипатының түрлері туралы жазылған бірнеше ғылыми еңбектер бар. Аспектуалдылық категориясын ғылыми негіз етіп жүрген М.Жолшаева, Н.Оралбаева және т.б. ғалымдар қазақ тіліндегі қимылдың өту сипатының ғылыми негіздерін жасап, оның жасалуы мен түрлеріне кеңінен тоқталады. Аспектуалдылық категориясы қимылдың өту сипатын білдіріп, етістіктің аналитикалық форманттарымен ғана емес, тіл жүйесіндегі басқа да тілдік бірліктер арқылы жасалады. Аспектуалды мағынаны білдіруде тіл жүйесіндегі барлық көрсеткіштер белсене қатысады.

Қ.Т. Мұхамәди «Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары» атты диссертациялық жұмысында қимылдың тездік тәсілінің берілу жолдарын көрсетеді.

«Қимылдың тездік тәсілінің мағынасын арнайы зерттеудің нәтижесінде, бұл тәсілге тән мына төмендегі мағыналық топтары анықталды:

1. Қимылдың кенеттен жасалуы
2. Қимылдың батыл жасалуы
3. Қимылдың қарқынмен жасалуы
4. Қимылдың жеңіл жасалуы
5. Қимылдың бір рет қана жасалуы
6. Қимылдың қысқа қайталануы
7. Қимылдың тез басталуы [25, 85 б]

«Қимылды жасаушы субъектінің қимылының басқа субъектілер үшін күтпеген жерден жасалғандай боп көрінуін кенеттен жасалатын қимыл дейміз. Профессор Н.Оралбаева қимылдың күтпеген жерден, кенеттен жасалуын білдіретін аналитикалық форманттардың синонимдік қатарын көрсетіп, оған – а қал, -а қой, -а кет, -е түс, -а сал аналитикалық форманттарын жатқызады.

Қазіргі қазақ тілінде –а қал, -а кет, -а түс аналитикалық форманттары қимылдың кенеттен жасалу мағынасын білдіруде кеңінен қолданылады» [25, 85 б].

Олар алдарында тұрған пианино тәріздес машиналарға-линотиптерге отыра қалып, мақала сөздерін қорғасынға кешіреді (Ә.Нұршайықов). Оның Меңтай екенін танығанда жүрегім дір ете түсіп, өз-өзімнен дегбірім кетіп, састым да қалдым (Ә.Нұршайықов). Қоңырау күңгірі алыстап, талаурап барып үзіліп кетті де, дүние тым-тырыс бола қалды (Ә.Нұршайықов). Осы арада сыртта қалған Тұмажан ойыма түсті де: «екі заманның екі есер батырының бір-біріне ұқсауы-ай» дедім ішімнен (Ә.Нұршайықов).

«Аналитикалық форманттағы қимылдың кенеттен жасалу мағынасын жанама лексикалық көрсеткіштер арқылы нақтылап, толықтыруға, күшейтуге болады» [25, 88 б]. Мысалы, Қыздар бөлмесінің алдына барғанымда кенеттен сол сөздер ойыма түсті (Ә.Нұршайықов). Осы сөйлемдегі кенеттен үстеуі жанама көрсеткіштерге жатады, олар қимылдың кенеттен, тосыннан жасалу мағынасын күшейту қызметін атқарады.

«Қимылдың кенеттен жасалу мағынасы еліктеуіш сөзден көмекші етістік арқылы жасалған құранды етістіктерге –е қал, -е түс аналитикалық форманттарының тіркесуі арқылы білдіріледі. Мысалы, жарқ ете қалды, тарс ете түсті, сарт ете қалды және т.б.» [25, 90 б]. *Сол кезде менің тасамда жатқан капитан селк ете түсіп, көзін жұмды (Ә.Нұршайықов). - Дайын болсаңдар, жол ортасына былай деп жазындар: Сын есім. - Бүркіт мұрнының астынан ақ тістер жарқ-жарқ ете қалды (Ә.Нұршайықов). Қараңғыда бір нәрсе қабырғаға тарс ете қалды (Ә.Нұршайықов). Керзі етіктің екі басы, бірімен-бірі сүзіскен бұзаудай болып, сарт ете қалды (Ә.Нұршайықов).*

«Сол сияқты қимылдың кенеттен, тосыннан жасалу мағынасы еліктеуіш сөзден көмекші етістік арқылы жасалған құранды етістіктерге –е қал аналитикалық формантының тіркесуі арқылы да беріледі. Албырт жүрек күтпеген бір шаттықты сезді ме, кенет дір ете түсті (І.Есенберлин). Бұл сөйлемде қимылдың, бейненің кенеттен, тосыннан жасалу мағынасы көрінеді» [25, 91 б].

Қ.Т.Мұхамади қимылдың тездік тәсілмен берілуінің екінші түріне қимылдың батыл жасалуын жатқызады.

«Профессор Н.Оралбаева –п таста, -п жібер, -п сал аналитикалық форманттары қимылдың қысқа, батыл, нық жасалуын білдіретіндігін айтады. Профессор З.Ахметжанова қимылдың батыл, тиянақты жасалу мағынасы –п ал, -п таста форманттары арқылы беріледі дейді.

Қимылдың батыл жасалу мағынасы қимылды жасаушы субъектінің күшпен, батыл жасаған қимылының өзі үшін де, өзге субъектілер үшін де күшпен батыл жасалғандай болып көрінуінен байқалады. Қазіргі қазақ тілінде үш аналитикалық формант қимылдың батыл жасалу мағынасын білдіреді. Олар: -п таста, -п жібер, -п сал аналитикалық форманттары» [25, 93-94бб]. Бар байқағаным қыз сыпылдатып, өз дәптеріне тағы да жарты беттей жазып тастаған екен (*Ә.Нұршайықов*). Онда бір жол да жаза алмаған болсам, енді бір бетке жуық өтіп сойдақтатып тастадым (*Ә.Нұршайықов*). Қалай дегенмен де бұл өлеңде Абайдың әлі де әлеуметтік шындықты, халық басындағы ауыртпалықты сыншылдықпен жырлайтын қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілмегендігін, «Қақтаған ақ күмістей» өлеңінен көбінше сұлулықты, жарастық келісімді ғана жырлайтын эстет ақынның лебізі аңқып тұрғандығын профессор бір түйіп тастады (*Ә.Нұршайықов*). Содан соң, сүйінші сұрағандай боп, өз қолының қос саусағымен тыныш тұрған ет жеңділеу келген қыр мұрнын жебей сауып, жұлқып-жұлқып жіберді (*Ә.Нұршайықов*). Оң жақ шекесіне «Осы образды жасаған жазушы Мұхит Әуезовке арнаймын» деген сөздерді қолымның қалай тез жазып жібергенін де байқамай қалдым (*Ә.Нұршайықов*).

«-п таста, -п жібер, -п сал аналитикалық форманттары тіркескен етістіктің алдынан келген қимылдың батыл жасалу мағынасын беретін жанама лексикалық көрсеткіштері аналитикалық форманттардың мағынасын айқындап, толықтырып, күшейту қызметін атқарады. Бар ойын батыл айтып салды (Қ.Исабаев). Осы сөйлемде айту қимылының нық, батыл жасалу мағынасы –ып сал аналитикалық формантымен берілген және осы формант тіркескен етістіктің алдынан келген «батыл» деген жанама лексикалық көрсеткіш арқылы күшейтілген, нақтыланған. –п таста, -п жібер, -п сал аналитикалық форманты тіркескен етістіктің алдынан келген қимылдың тездігін білдіретін тез, лезде, кенет, оқыс сияқты жанама лексикалық көрсеткіштер қимылдың батыл жасалу мағынасына қосымша қимылдың қысқа, тез жасалуын немесе күтпеген жерден, кенеттен жасалу сияқты мағыналық реңктер қосады» [25, 95 бб].

Мен жаңа ғана кассирден санап алып, кенет өз гимнастеркамның омырау қалтасына екі бүктеп салып қойған ақшаны қайта суырамын (*Ә.Нұршайықов*). Содан соң лезде ернін жымырып, орынсыз келген күлкіні қымтап, тас қылып бекітіп тастаған сияқтанды, - Жай, бір кісілер іздеп келген екен екеуінді... (*Ә.Нұршайықов*). Қос қыз бен қарт ана үшеулеп, лезде шай жасап әкелді (*Ә.Нұршайықов*). Сол сияқты түн де, электр қырықтықпен қырқылған қара қойдың жабағы жүніндей боп, лезде еңсеріледі де қалады (*Ә.Нұршайықов*). Бірақ қанша қашқанымен, қараңғы аспанның қабатына кіріп, жасырынып қалуға мұршасын келтірмей, барлық прожекторлардың сәулесі лезде тұс-тұстан шаншылып, қадалып қалатын (*Ә.Нұршайықов*).

Қ.Т.Мұхамеди Н.Оралбаеваның жіктемесіне негізделі отырып, қимылдың тездік жасалуының үшінші түріне қимылдың ерекше қарқынмен жасалуын жатқызады.

«Н.Оралбаева қимылдың ерекше қарқынмен жасалуын білдіретін синонимдік қатар деп, оған -п кеп жібер, -п кеп қал, -п кеп кет, -п кеп бер күрделі аналитикалық форманттарын жатқызады. Қимылдың ерекше қарқынмен жасалу мағынасын білдіретін бес күрделі аналитикалық форманттарды атауға болады: -п кеп жібер, -п кеп қал, -п кеп кет, -п кеп түс, -п кеп ал күрделі аналитикалық форманттары.

Қимылды жасаушы субъекті тарапынан қимылға ерекше күш-жігер жұмсауды қажет ететін қысқа, бір рет жасалатын қимылдарды ерекше қарқынмен (күшпен) жасалатын қимылдар деп атаймыз.

Кейде қимылдың ерекше қарқынмен жасалу мағынасы осы мағынаны беретін жанама лексикалық көрсеткіштермен қатар жарыса қолданылатын грамматикалық көрсеткіштермен беріледі. Бұл жағдайда ондағы қимылдың ерекше қарқынмен, күшпен жасалу мағынасы айқындала, күшейе түседі [25, 96-98 бб].

Егер сол сәтте қыздардың бәрі мені көздеп, махаббат мылтығының шүріппесін басып кеп қалған болса, солардың бір-сыпыра бытырасы дәл осы күнге дейін өне бойымда жүрген болар деп ойлаймын (Ә.Нұршайықов). Соның салдары емес пе бәрімізге қағаз, қарындаш, портфельге дейін қат болып кеткені (Ә.Нұршайықов). - Осылай деп Меңтай лықсып кеп қалған қалың суды бөтен арнаға аударғандай, қыздардың күлкі кернеп келе жатқан көңілдерін басқа жаққа бұрып жібереді (Ә.Нұршайықов). Иә, сонымен, орнымнан тұрғаннан кейін мен де темір танктен бетер тістеніп, жағым қисая ашылып, бар қуатымды қос қолыма жиып, шоқпардай гранатты танкке қарай сілтеп кеп қалдым (Ә.Нұршайықов). - А, солай ма? Сен де үшінші рет қаламақы алып жібердің бе, ей? - Ол қарқылдай күліп, әдеті бойынша арқамнан қойып кеп қалды (Ә.Нұршайықов). Содан соң қабырғамнан тағы да бір қойып кеп қалды (Ә.Нұршайықов). - Рас айтамын. Ол көзі бақырайып, қайта түзеле берген кезде иектің ұшынан баспен және бір сүзіп кеп қал-дым (Ә.Нұршайықов).

«Ғалым Н.Оралбаева —а қой форманты қимылдың жеңіл, бірден жасалуын білдіретіндігін айтады.

Қимылды жасаушы субъекті тарапынан ешқандай күш-жігерді талап етпей тез кейде немқұрайды жасалғандай болып көрінетін қимылдарды оңай, бірден, жеңіл жасалатын қимыл дейміз. Қимылдың жеңіл, бірден жасалу мағынасын беретін аналитикалық форманттар бесеу: -а кет, -а қой, -а сал, -п кет, -п ала қой аналитикалық форманттары және осы форманттар тіркескен етістіктің алдынан келген бірден, тез, оңай сияқты жанама лексикалық көрсеткіштер» [25, 100б]. Қыздардың қол ұсынып, амандасқанда алақанын су құятындай шұңқырайта қойып, саусақтарының ұшы жігіттің қолына тиер-тиместен тартып әкететін әдеті емес пе (Ә.Нұршайықов). Оң қолымды шошаң өткізіп жоғары көтере бердім де, жалаң бас тұрғаным есіме түсіп, жалма-жан жамбасыма жапсыра қойдым (Ә.Нұршайықов). «Осы образды жасаған кісіге арнаймын» деп қана қойдым (Ә.Нұршайықов). Мына түлкі қыз оны қайдан

суырып ала қойды? Үлкен кісілер солай деп айта салады, - деді ол (Ә.Нұршайықов). Ойынның шарты өзгешелеу нәрселер даярлап әкелуді талап еткен соң, - деді Меңтай бөгеле сөйлеп, - мен мына бір дәптерді ала салып едім (Ә.Нұршайықов).

«-а кет, -а қой, -а сал, -п кет, -п ала қой аналитикалық форманттары тіркескен етістіктің алдынан келген бірден, оңай, оп-оңай тез сияқты жанама лексикалық көрсеткіштер қимылдың бірден, жеңіл жасалу мағынасын толықтыру, күшейту қызметін атқарады» [25, 103б].

Қойшы, сен білесің ғой, адамның жақсы, жаманын бірден айырасың ғой, - деп өңештеп болмады (Ә.Нұршайықов). Жігіт үстіндегі көйлек емес қой бірден иә жақсы, иә жаман деп бағасын беретін (Ә.Нұршайықов). Қыз күлкісі деген бір жерінен от тисе, барлық тұсы бірден лап ете қалатын ашық ыдыста тұрған бензин іспетті емес пе? (Ә.Нұршайықов) - Енді бұларды анау тасқа соғып, жармайсың ба? -Менің қырсау қимылымды аңғарды ма, ол бірден бастырма-лата жөнелді (Ә.Нұршайықов). - Қостыңыз ба? Енді әкеле беріңіз, тез әкеліңіз (Ә.Нұршайықов). Содан соң, біреу алдынан ала қашатындай, шап беріп қос қолдап ұстап, діріл қаққан стаканды жыбырлай жөнелген ерніне тез тақап, қылқылдатып жұта бастады (Ә.Нұршайықов).

«Қимылдың бір рет қана жасалу мағынасы негізінен аналитикалық тәсілмен беріледі. Қимылдың бір рет қана жасалу мағынасы негізінен аналитикалық тәсілмен берілуіне аналитикалық форманттар мен құранды етістіктер арқылы жасалуы жатады. Қазіргі қазақ тілінде екі формант қимылдың бір рет қана жасалу мағынасын білдіре алады. Олар: -п қал, - п түс, аналитикалық форманттары. -п қал, -п түс аналитикалық форманттары тіркескен етістіктің алдынан келген бір, бір-ақ, бір рет сияқты жанама лексикалық көрсеткіштер қимылдың бір рет қана жасалу мағынасын күшейту қызметін атқарады.

Қимылдың бір рет қана жасалу мағынасы еліктеуіш сөз бен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалған құранды етістіктер арқылы беріледі [25, 106-107 бб].

Есіктің қоңырауы бір рет шылдыр қағып, артынан күбір естілді (Ә.Нұршайықов). Тәкен деген жолдасым вагонға қарғып түсті де, поездға сүт, айран, жұмыртқа алып шыққан әйелдердің қасына барды одырандап (Ә.Нұршайықов). - Ә, солай десеңші одан да, - деді Зайкүл Жомартбектің сұлуың дегеніне жайылып түсіп қалып (Ә.Нұршайықов). «Сары иттің басын сары табаққа салса, шоршып түседі» деген осы-ау, - деп ол өзінен-өзі рақаттанып, кеңкілдеп кеп күлді (Ә.Нұршайықов).

«Қазақ тіл білімінде қимылдың дүркінділігі, қайталануы мағынасында танылған. Профессор А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулығында –ла/-ле, -ғыла/-гіле, -мала/-меле, -ғышта/-қышта, -ыңқыра/-іңкіре жұрнақтарының қимылдың бірнеше рет қайталануын, созылуын білдіретіндігін айтады. Қимылдың әлденеше рет қайталану мәні қосарлы етістіктер арқылы да беріледі. Мысалы, Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады. Субъекті жасаған қимылын өте аз уақыт ішінде тез қайталауын қимылдың қысқа қайталануы дейміз. Мұнда тез, қысқа жасалатын қимылдың

қайталанатыны есте болу керек. Қимылдың қысқа қайталану мағынасында тездік мәні де, қайталану мәні де болады. Қимылдың тез, қысқа қайталану мәні қайталама қосарлы етістікке қимылдың тездігін білдіретін аналитикалық форманттардың тіркесуі арқылы беріледі.

-п жібер аналитикалық форманты қосарлы етістікке тіркесіп қимылдың қысқа қайталану мағынасын береді. Біраз бермей тұрып едім, біреуі арт жағымнан келіп, қамшысымен салып-салып жіберді (С.Сейфуллин). «Салып-салып жіберді» деген қимылдың бір емес, бірнеше рет қысқа-қысқа қайталануын білдіреді. Яғни, қимыл өте аз уақыт ішінде қайталанған.

-п жібер форманты тіркескен қайталама қосарлы етістіктердің алдынан келген тез, лезде, кенет, тез-тез деген лексикалық мағыналы үстеу сөздер қимылдың қысқа қайталануы мағынасын күшейту, нақтылау қызметін атқарады. Қарагерден алғысы келгендей кенет қамшыны төгіп-төгіп жіберді (Ғ.Мүсірепов).

Қимылдың тез, қысқа қайталану мағынасы қайталама қосарлы етістікке тіркескен қимылдың тез жасалуын білдіретін тәсілдің көрсеткіші –п қал аналитикалық форманты арқылы беріледі.

Еліктеуіш сөздермен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалған құранды етістіктердің кейбіреуі қимылдың тез, қысқа қайталану мағынасын береді. Қайшысы сақ-сақ етіп, ойнақ сап жүреді (Ғ.Мүсірепов) [25, 108-112 бб].

Мен өзің нұсқағаннан кейін Жомартбек қоқилана түсіп, кеудесін қозғап-қозғап жіберді (Ә.Нұршайықов). Ah! Мен сені ана кәрі тарланның өзімен қол ұста-стырып таныстырайын ба? Ah! Бірақ оған ана... не.. - деп Шалдуар оң қолынын сұқ саусағы мен бармағын бір-біріне шапшандата үйкеп-үйкеп жіберді (Ә.Нұршайықов). - Әңгіме сол ыстығымның жоқтығында ғой, - деді ол. - Ыстығымды өлшеуге термометр бергенде сестраның көзін ала беріп, жіңішке жағын одеялға ысып-ысып жіберемін (Ә.Нұршайықов). Оған айызым қанбаған соң алақаныммен кесіп кеп алдым да, уысымдағы қарды бар саусағымның күшімен мытып-мытып жібердім (Ә.Нұршайықов).

«Қазақ тіліндегі қимылдың тез басталу мағынасын төрт аналитикалық форманттар білдіреді. Олар: -а жөнел, -п жүре бер, -п қоя бер, -п ала жөнел аналитикалық форманттары» [25, 105 б].

Жомартбек шұбырта жөнелді. - Егер осы өленді Зайкүлге арнап өзім шығармаған болсам - аяқтағы суға ағылып өлейін, құрғақтағы киттерге қағылып өлейін, тумаған ту асаудың құйрығына тағылып өлейін! Оллаһи! Беллаһи! Осылай деп Жомартбек зірк-зірк еткізіп сөзін аяқтап, екі қолын бірдей аспанға көтерді (Ә.Нұршайықов). Оған жете бергенімде телефоны шылдырлап, ол трубкаға: «Қазір, қазір» деді де, бөлмеден шыға жөнелді (Ә.Нұршайықов). -Менің қырсау қимылымды аңғарды ма, ол бірден бастырма-лата жөнелді (Ә.Нұршайықов). Барысымен сестралар «ай-түйге» қаратпастан, ішке қарай ала жөнелді (Ә.Нұршайықов).

Қимылдың тездік тәсілінің берілу жолдары.

А.Ысқақов қимылдың жасалу тәсілінің екі түрлі берілу жолын көрсетеді: «...синтетикалық формалардың әрқайсысы амалдың өзгеше әр түрлі сипатын білдіреді. Амалдың өту сипаты категориясының екінші түрі – аналитикалық

түрі тілімізде әбден орнығып қалыптасқан аналитикалық форманттар арқылы жасалады» [23, 290 б].

Н.Оралбаева қимыл тәсілінің берілуінің үш жолын көрсетеді:

«1)Жұрнақ арқылы: қуала, күлімсіре т.б.

2)Көсемше тұлғасындағы түбір етістіктің қосарлануы арқылы: жұлқып-жұлқып жіберу т.б.

3) Аналитикалық форманттар арқылы» [20, 85-86 бб].

Мұхамеди Қ.Т. «Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары» атты диссертациялық жұмысында қимылдың тездік тәсілінің 3 түрлі берілу жолын көрсетеді:

1) Аналитикалық форманттар арқылы

2) Еліктеу сөздерден болған құранды етістіктер арқылы

3) Лексикалық жанама көрсеткіштер арқылы берілуі [118 б]

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Аманжолов. С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. - Алматы, «Санат»,1994. - 320 бет.

2 Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. - Л.: Наука, 1987. - 347 с.

3 Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 119 б.

4 Бондарко А.В. Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. - Л: Наука, 1987. - 347 с.

5 Лингвистикалық энциклопедия сөздігі, 1990.

6 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - М.: Советская энциклопедия, 1966. - 608 с.

7 Гулыга Е. В., Шендельс Е. И., Грамматико-лексические поля в современном немецком языке. - М., 1969.

8 Қазақ тілінің функционалды грамматикасының өзекті мәселелері: ғылыми жинақ / ғыл.ред. Д.А.Әлкебаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 137 б.

9 Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. - Алматы: Елтаным баспасы, 2012. - 156 бет.

10 Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики (на материале русского языка). - Москва, 2012. - 736стр.

11 Гак В.Г. Высказывание и ситуация. - В кн.:Проблемы структурной лингвистики. - Москва, 1973.

12 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: оқу құралы. 1355 ГҚ 2 жобасы зерттеушілерінің қатысуымен ұсынылды / Жалпы редакциясын басқарған Д.А.Әлкебаева.

- Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 178 б.

13 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. - Алматы, «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. - 481 б.

14 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. - Астана, 2002. - 784 бет.

15 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 3-бас. - Алматы. «Санат», 1993. - 496 бет.

16 Жұбаева О.С. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэкетілігі. Фил. Ғыл. док. диссертациясының авторефераты. - Алматы, 2010.

17 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы: теориясы, оқыту әдістемесі: республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 100 б.

18 Бондарко А.В., Беляева Е.И. Теория функциональной грамматики. Темпоральность. Модальность. - Ленинград: Наука, 1990. - 263с.

19 *Интернет материалы. Вестник Челябинского государственного университета. 2009. № 7 (188). Филология. Искусствоведение. Вып. 41. С. 148 - 152.*

20 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. - Алматы: Мектеп, 1975. - 136 б.

21 Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн. Ф.ғ.д. диссертациясының авторефераты. - Алматы, 2009. - 50 б.

22 М.Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. «Мектеп» баспасы. - Алматы, 1971. - 340 б.

23 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1991. 382 бет.

24 Ахметжанова З.К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. Алматы, «Наука» 1989. 106 стр.

25. Мұхамеди Қ.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары. Фил.ғ.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы қаласы, 1997 жыл. - 192 бет.